

ISSN (Print) 2616-678X  
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

**ВЕСТНИК**

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**BULLETIN**

of the L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы  
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**  
**PHILOLOGY** Series

**№4(125)/2018**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

**Редакция алқасы**

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**  
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.  
Мерзімділігі: жылына 4 рет.  
Тиражы: 35 дана  
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

**Editorial board**

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of. 408, Astana, Kazakhstan, 010008  
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31-413)  
**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

**Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

**Редакционная коллегия**

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

© **Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева**

---

---

## Мазмұны

<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Мақаш Л.</i> Атилла туралы аңыздаулар .....	8
<i>Амангелді А.А., Тилеужан Д.М.</i> Лиро-эпостық жырлардағы жылқыға қатысты заттық мәдениет лексикасының берілуі .....	15
<i>Байбатырова А.А.</i> Ағылшын тілінде жазылған ғылыми мақаланың макро-құрылымының когнитивтік және прагматикалық моделі .....	25
<i>Бейсембаева Г.З., Калибасова А.К.</i> Гендерлік лингвистикадағы эмоцияны айқындайтын лексика (ағылшын және қазақ тілдері негізінде) .....	42
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Техникалық дағдылар және ағылшын тілі оқытушыларының онлайн оқыту дайындығы .....	50
<i>Бижекенова А.Е.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі туынды модельдеу .....	62
<i>Дәулетбекова Ж.Т., Юсуп П.Қ.</i> Білім беру үдерісінде филолог-студенттердің интеллектуалдық құзіреттілігін қалыптастырудың психологиялық негіздері .....	70
<i>Дихан Қамзабекұлы</i> Алаштың «23 жоқтауы» - азаттықты жоқтау рәмізі .....	77
<i>Жусупова Р.Ф., Ниязова А.Е., Абдуова Б.С.</i> Кәсіби бағдарлы тілдік тұлғаны қалыптастырудың мультилингвалды сипаты .....	86
<i>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</i> Ұлы Дала фольклорындағы Арқалық батыр бейнесі .....	94
<i>Мұхтарова С.С.</i> Қазақ баламасыз лексикасын жеткізу жолдары (І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы негізінде) .....	102
<i>Сыздықова Г.О.</i> «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы сапалық сын есімдердің семантикасы .....	108
<i>Таңжарықова А.В., Юсуп А.Н.</i> Қазіргі қазақ поэзиясындағы киелі жердің мифопоэтикалық бейнесі .....	115
<i>Тұрысбек Р.С., Мәтібаева Э.Қ.</i> Шағын жанрдың көркемдік әлемі (Д. Досжан әңгімелері бойынша) .....	121
<i>Өтебалиева Г.Е., Қасқабасова Қ.С.</i> Ана тілі деңгейінде үйренуге арналған көпдеңгейлі тіл білімі .....	129
<i>Шокабаева С.С.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі «ақ» сөзінің сөзжасамдық әлеуеті .....	136
<i>Жазбадерек. Сәтенова С.К.</i> Рухани жаңғырумен үндес іргелі ғылыми еңбек .....	145

---

---

## Contents

<i>Aimukhambet Zh.A., Makash L.</i> Legends about Attila .....	8
<i>Amangeldy A.A., Tilozen D.M.</i> Reflections of material and cultural vocabulary associated with the horse in lyric-epic works .....	15
<i>Baibatyrova A.A.</i> Cognitive-Pragmatic Model of Macrostructure of Research Articles Written in English .....	25
<i>Beisembayeva G.Z., Kalibasova A.K.</i> Gender aspect of the emotion expression in English and Kazakh languages .....	42
<i>Beisembayeva Zh.A., Baryamova R.K.</i> Technical Skills and Readiness of English Language teachers in Kazakhstan to teach online .....	50
<i>Bizhkenova A.E.</i> Modern modeling of the Kazakh Language .....	62
<i>Dauletbekova Zh.T., Yusup P.K.</i> Psychological Basis of the Formation of Philologists-Students' Intellectual Competence in the Literary Educational Process .....	70
<i>Dihan Kamzabekuly</i> «23 Zhoktau» of Alash – a Symbol of Zhoktau for Freedom .....	77
<i>Zhusupova R.F., Niyazova A.E., Abduova B.S.</i> Formation of professionally oriented linguistic identity multilingual character .....	86
<i>Zeinulina A.F., Ibrayeva A.T.</i> Character of Arkalyk Batyr in the Great Steppe Folklore .....	94
<i>Mukhtarova S.S.</i> To translation problems of Kazakh non-equivalent vocabulary (on the materials of I. Esenberlin trilogy “Nomads”) .....	102
<i>Syzykova G.O.</i> Semantics of qualitative adjectives in the work «Kozy Korpesh-Bayan Sulu» .....	108
<i>Tanharykova A.V., Yusup A.N.</i> Mythological and technical foundations of sacred places in modern Kazakh poetry .....	115
<i>Turysbek R.S., Matibayeva E.K.</i> Small genre and artistic world (On creativity D.Doszhans) .....	121
<i>Utebaliyeva G.E., Kaskabassova Kh.S.</i> Multi-level language proficiency in learning a non-native language .....	129
<i>Shokabayeva S.S.</i> Word-formulative Potential of the Word «ақ» in the Modern Kazakh Language .....	136
<b>Chronicle.</b> <i>Satenova S.K.</i> Fundamental scientific work in the light of spiritual rebirth of society .....	145

---

---

## Содержание

<i>Аймухамбет Ж.А., Макаш Л.</i> Легенды об Аттиле .....	8
<i>Амангельды А.А., Тилеужан Д.М.</i> Отражения материально-культурной лексики, применяемые к лошади в лиро-эпических произведениях .....	15
<i>Байбатырова А.А.</i> Когнитивно-прагматическая модель макроструктуры англоязычной научной статьи .....	25
<i>Бейсембаева Г.З., Калибасова А.К.</i> Гендерный аспект выражении эмоции в английском и казахских языках .....	42
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Технические навыки и готовность учителей английского языка обучать онлайн .....	50
<i>Бижкенова А.Е.</i> Моделирование дериватов в современном казахском языке .....	62
<i>Даулетбекова Ж.Т., Юсуп П.К.</i> Психологические основы формирования интеллектуальной компетентности филологов-студентов в литературном образовательном процессе .....	70
<i>Дихан Камзабекулы</i> «23 жоктау» Алаша – символ жоктау по свободе .....	77
<i>Жусупова Р.Ф., Ниязова А.Е., Абдуова Б.С.</i> Формирование профессионально-ориентированной языковой идентичности в мультилингвальной среде .....	86
<i>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</i> Образ Аркалык батыра в фольклоре Великой Степи .....	94
<i>Мухтарова С.С.</i> Особенности перевода казахской безэквивалентной лексики (на материале трилогии И. Есенберлина «Кочевники») .....	102
<i>Сыздыкова Г.О.</i> Семантика качественных прилагательных в произведении «Козы Корпеш-Баян сулу» .....	108
<i>Танжарыкова А.В., Юсуп А.Н.</i> Мифопоэтические мотивы сакральных мест в современной казахской поэзии .....	115
<i>Турысбек Р.С., Матибаева Э.К.</i> Художественный мир малого жанра (По творчеству Д. Досжана) .....	121
<i>Утебалиева Г.Е., Каскабасова Х.С.</i> Разноуровневое владение языком при обучении неродному языку .....	129
<i>Шокабаева С.С.</i> Словообразовательный потенциал слова «ак» в современном казахском языке .....	136
<i>Хроника. Сатенова С.К.</i> Фундаментальный научный труд в свете духовного возрождения общества .....	145





FTAMP 17.07.41

**Ж.Ә. Аймұхамбет<sup>1</sup>, Л. Мақаш<sup>2</sup>**

*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

*(E-mail: <sup>1</sup>a\_zhanat@mail.ru@mail.ru, <sup>2</sup>dinamit\_1994@mail.ru)*

### **Атилла туралы аңыздаулар**

**Андатпа.** Мақалада ғұн империясының даңқты билеушісі Атилла (Еділ) туралы аңыздаулардың көркем әдебиеттегі көрінісі қарастырылады. Қазақ халқының арғы ата-бабалары ғұндар мен оның патшасы Аттиланың мифтегі орны көркемдік бейне болып сақталғандықтан, оның батырлық тұлғасына байланысты жазылған деректер талданды. Әлем халықтарының аңыздарына арқау болған даңқты қолбасшының мемлекет құрудағы және елдікті нығайтудағы істері оның көркем образын жасауға негіз болғандығы талдаулар нәтижесінде тұжырымдалады. «Нибелунг туралы жыр», «Алып қолды Вальтарий» сынды ежелгі герман эпостарында, исландиялық «Волсунга туралы сага», норвегиялық «Тидрек туралы сага», скандинавиялық «Эдда» аңыздарындағы ұлы қолбасшының бейнесі салыстырылған. Әлемдік зерттеуші ғалымдар мен қаламгерлердің Атилла туралы жазбаларындағы деректер мен халық мұрасындағы сюжет, мотивтер талдаудың негізгі өзегіне алынған.

**Түйін сөздер:** Атилла (Еділ, Этцель), «Құдайдың қамшысы», ғұн, аңыз, дастан, авентюра, батырлық эпос.

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-125-4-8-15>

**Кіріспе.** Атилла-Еділ патша туралы Еуропа жұртына кеңінен тараған аңыз-әпсаналардың бастауында халықтық дастандар тұрғаны анық. Н.Ә. Назарбаев «Қазақ даласы – ұлы түркі елінің қара шаңырағы» атты мақаласында көшпенділердің пайда болуында бір орталыққа бағынуды қалыпты көріп, бас бола білген батыр туралы, «Еділ (Атыл, Атилла) бастаған ғұндар Батыс Рим империясын біржола құлатты», – деп ерекше атап көрсеткен [1, 86]. Біздің эпикалық аңыздауларда сұлбасы ғана сақталған Аттиланың билеушілік және жауынгерлік даңқы еуропа жұртының ежелгі мұраларынан орын алған. Бұл мұраларға енген сюжеттер мен мотивтердің төркіні ғұн тайпасының фольклорлық мұрасы болуы заңдылық.

Атилла-Еділ – әйгілі Ғұн империясының билеушісі. Оны Атилла деп сол кездегі латын тілінде, яғни Рим империясының мемлекеттік тілінде атағандықтан тарихта осы термин қалыптасты. Алайда Атилла есімі Еуропа жұртында түрліше айтылады. Испандықтарда – Атила, ежелгі алман жұртының батырлық жырларында Этцель, қытайлықтар Этил, шведтік және даттық, сондай-ақ Фарер аралдарындағы халық балладаларында Артала, ғұндардың мұрагері – қазақтарда Еділ атымен тарағандығын зерттеуші Н.Келімбетов атап көрсетеді [2, 57]. Сол Атилла дәуірінде көптеген халықтар оны “Құдай тоқпақ” деп атаған. Оның бір есімінің өзі айналаға айбарлы естіліп, ерекше үрей-қорқыныш туғызған. Сондықтан болар барша халық оған ортақ ұғымға сыйдыра отырып: «ағылшын тілінде – Cod skourde, «Құдай тоқпақ», «Тәңір құты», француз тілінде – Fleu du Dieu, «Құдай тоқпақ»,



«Тәңір құты», испан тілінде – Asote de Dios, «Құдай тоқпақ», «Тәңір құты», неміс тілінде Die Gottgeibel, «Құдай тоқпақ», «Тәңір құты», орыс тілінде – Бичь божий, «Тәңір құты», түрік тілінде «Тәңірінің қыржабы», қазақ тілінде – «Құдай тоқпақ», яғни “Тәңірінің қамшысы» [3, 59] секілді ныспы берген. «Атилла өзара қырық пышақ болып, ұдайы соғысып жататын тайпалардың басын қосты, Еуропада бейбіт өмір орнатты. Өз халқына қатігездік жасаған әміршілерді қатал жазалап отырды. Сол үшін Атиланы халық «Құдайдың қамшысы («бичь божий») деп атап кетті» [2, 58].

**Мәселенің зерттелуі.** Атиланы ғұндардың, олардың тарихи мұрагері түркі жұртының хас батыры деп атауымыздың себебі көп. Еділ батыр туралы мағлұматтар еуропа әдебиетінде ғана емес, қазақтың көне жырларында да ерекше орын алған. Еділ батырдың батырлық сипатын өмірі мен тарихының тікелей біздің қанымызға байланысты екенін зерттеген қаламгерлер мен ғалымдарымыз – Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, М. Жұмабаев, М. Базарбаев, Ә. Марғұлан, Н. Келімбетов, О. Сүлейменов, С. Өтенияз, Т. Жұртбай, С. Қондыбай, А. Сейдімбек болып бірауыздан Атилла – қазақтың арғы бабасы, ертеден бергі жырға қосылған Еділі, хәм хас батыры деген тұжырым жасаған.

Тарих сахнасында сан ғасыр атой салып, ерлік пен елдіктің, жауынгерліктің қайталанбас үлгісі болған даңқты Ғұн бабамыз туралы Мағжан ақын жақсы жырлаған:

Ерте күнде жоқ бар еді, түн туған.  
Қап-қараңғы түн ішінде Күн туған.  
Отты Күннің сәулесінен от алтын  
Оты көзді, отты жанды Ғұн туған.

Ерте күнде отты Күннен Гун туған,  
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам,  
Жүзімді де, қысық қара көзімді  
Туа сала жалынменен мен жуғам.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,  
Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.  
Мен келемін, мен келемін, мен келем,  
Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар [4, 69-70].

Өткен тарихты, жауынгерлік болмысты шабытпен бейнелеген бұл өлең жолдарында Мағжан Жұмабаев өзінің Атилладай батыры болған Ғұннан тарап, Ғұннан туғанын мақтан етеді. Бұл Еділ батырдың қазақ халқы тарихында ерекше орын алар тұлғалардың бірі екеніне дәлел.

**Мәселенің өзектілігі.** Атилла есімі батырлықтың, жауынгерліктің символы ретінде Еуразия құрлығының есінде күні бүгінге дейін сақталып келді. Француз тарихшысы А. Тьерри 1864 жылы жазылған «Атилла тарихы» атты еңбегінде: «Атилла есімі адамзат тарихындағы ұлы тұлғалар – Александр Македонский мен Юлий Цезарьдің қатарынан орын алады» [5] деуі бұл аңыз-адамның тарихтағы рөлін танытады. Атилла туралы батырлық дастандар орта ғасырларда неміс, ағылшын, француз тілдерінде жазылды. Бұл дастандарда қаһарман қолбасшының ерекше ерлік болмысымен бірге адамгершілігі, бауырмалдығы, әділеттілігі, мейірбандығы айтылады. Тек дастандар ғана емес, Атилланың даңқын паш ететін тарихи зерттеулер де көп. Олардың қатарында итальян, неміс, француз тарихшыларының еңбектерін атай аламыз. А.Тьерридің «Атилла тарихы» («Histoire d' Attila et de ses successeurs, 1864), А.Ф.Вельтманның «Атилла және IV-V ғ.ғ. Русь» (1858), т.б. көптеген тарихи жазбаларда Атилла тұлғасын танытуда тарихи деректермен қатар, аңыздық мотивтер де негізге алынады. Итальяндық даңқты ақын, ойшыл Данте Альигери өзінің «Құдіретті

комедиясында» (1321 жылы жазылған) Атилланы бір кейіпкері ретінде алып, оны «Жердің қамшысы» деп атайды. Атилла есімі күллі құрлық тұрғындарының жадында «Тәңірінің қамшысы» ретінде жатталғанын еске алсақ, данте сол мотивтен алшақ кетпеген.

Әйгілі француз драматургі Пьер Корнелдің «Атилла» драмасы 1667 жылы сахналанса, неміс драматургі Вернер Цахариас «Ғұн патшасы Атилла» трагедиясын сахнаға шығарған. Бұл драмалық шығармаларда Атилла құл иеленуші Рим империясын күйреткен ұлы қолбасшы ретінде суреттеледі.

Венгерлік жазушы Геза Гардонидің «Көзге көрінбейтін адам» («Невидимый человек», 1901) романындағы оқиға ғұндардың әміршісі Атилла дәуірінде деп көрсетіледі. Оқиғаның көбі византиялық дипломат Приск Панийскийдің Атилланың тұрағына келуіне арналады. Бас кейіпкер – византиялық тұтқын, жас жігіт Зэта ғұн қызына ғашық болады. Ғашығына үйленуден үміттенген ол Византиядағы тұтқындықтан қашып шығып, ғұндар еліне келіп, тұтқын болады. Романда, сондай-ақ ғұндар мен римдіктер арасында болған әйгілі Каталун шайқасы суреттеледі. Американ жазушысы Дитрих Уильям Рим империясының құлауы, ғұндардың әйгілі билеушісі, қолбасшы Атилла туралы «Тәңірінің қамшысы» (The Scourge of Gold, 2005) романын жазды.

Скандинавия халықтарының әдебиетіндегі батырлар жырында Аттилланың образы біріншіден, әлемге танымал әдеби мұра «Эдда» жырында үлкен орын алады. Бұл жыр исланд халқының эпикалық жыр-толғауындағы жинақта «Эдда» жыры деген атпен белгілі. Оның негізгі мазмұны екі бөлімге жинақталған.

**Бірінші бөлімінде** мифтік және дидактикалық сарынды жырлар болса, екінші бөлімде батырлық жырлар негізге алынған. Зерттеушілердің пікірінше, бұл қолжазба XIII ғасырда жазылған. Сол қолжазба Данияның Копенгагендегі Корольдік кітапханасында сақтаулы тұр. Жырда негізі кейіпкерлер Сигурд пен Брюнхилда, Атли (Атилла) және Нибелунгтердің ажалы жөнінде оқиға жырланады.

**Екінші**, XIII ғасырдың ортасында жазылған көлемді жыр «Волсунга туралы сага» деп аталатын туындының «Эдда» жырындағы қара сөзбен баяндалатын мазмұны берілген.

**Үшінші**, «Эдда» жырын көркем прозамен жазып шыққан Снорри Стурлусон атты исландиялық тарихшы, ақын, белгілі саяси қайраткер осы еңбегінде Нибелунга байлығының («Рейн алтыны») қысқаша тарихын айтып өткен. **Төртінші**, жыр XIII ғасырдың орта шенінде жазылған «Тидрек туралы сага» деп аталады. Мұнда Берндік Дитрихтің толық өмірбаяны туралы аңыздардың жиынтығынан тұрады.

**Бесінші**, 1330 жылы жазылған «Норнагест туралы хикаялар» деп аталатын ертедегі аңыздар жиынтығы. Норнагесттің әскери ерліктері жырланған. Жырдың кейбір бөліктері «Эдда» жырынан алынған.

**Алтыншы**, Скандинавия халықтарының балладалары. Мұнда Дания, Швеция және Фарер аралдарындағы халық балладалары, негізінен Нибелунга жөніндегі аңыздарға арналған. «Тидрек туралы сага», «Эдда» және басқа жырлардың үзінділері әртүрлі нұсқада беріліп, жан-жақты сипатталған.

**Жетіншісі**, XVI ғасырдың соңында, нақтылай айтқанда 1603 жылы «Хвен хроникасы» латын тілінен дат тіліне аударылып жазылған. Даниядағы Отланд архипелагында Хвен деген арал бар. Бұл сол Хвеннің тарихын негізге ала отырып, оның ішінде «Нибелунгтер жырлары» мен «Тидрек туралы саганың» көптеген оқиғалары орын алған. «Ертедегі Германия мен Скандинавия халықтарының поэзиясы басқа халықтардікі сияқты өлең түрінде болды, ауызша айтылып атадан балаға асыл мұра болып қалып отырған. Олардың қандай да бір әдеби мұрасы, я батырлық жырлары – бәрі батырлық пен ерлікті жырға қосқан. Ертедегі эпикалық жырлары негізінен XII ғасыр соңында хатқа түскен. Солардың ішіндегі көрнектісі «Нибелунгтер туралы жыр» 1220 жылы толық жазылып біткен. Ал Скандинавия халықтарының «Эдда» жыры IX ғасырда хатқа түсіріліп үлгерген.

Скандинавия халықтарының поэзиясындағы Исландия халқының асыл мұрасы «Эдда» жыры - өте көлемді әдеби мұралардың бірі. Жалпы сол дәуірдегі Скандинавия мен неміс халықтарының жырларының басты тақырыбы – адамзат тарихында терең із қалдырған «Халықтардың қоныс аударуы» тарихи процесіне байланысты. Хун королі Аттила бейнесі (бұл жырда Атли деген атпен беріледі) аса жағымды кейіпкер ретінде берілген осынау батырлық эпостың Эрманарик басқарған остготтар патшалығы Қара теңіз жағалауында хундар шабуылынан талқандалуы және осы Эрманарик пен Сванхилда туралы баяндалады.

Эрманарик (Иормунрик) өз баласы Рандверді қалыңдығы Сванхилдаға ұрын жібереді. Рандвердің жанындағы жалақор зұлым кеңесшісі Бикки жас ханым мен Рандверді Эрманарикке жамандайды: «Олар сол тайпаға, яғни Сванхилданың төркіндеріне сатылып кеткелі жүр», -деп әке мен бала арасына нақақтан от тастайды. Бұған сенген аңғал патша Эрманарик өз ұлы мен жас келінді өлтіруге бұйрық береді, жазықсыз жандарды ат тұяғына таптатады. Бұл қанды оқиғадан соң Сванхилданың бауырлары қарындасы үшін мықтап кектенеді. Олар Эрманариктің нөкеріне шабуыл жасайды, Эрманариктің өзін өлімші етіп жаралайды. Алайда осынау ержүрек жігіттер өздері де қаза табады. Жалғыз жауыз Биккидің қырсығынан осылайша қаншама қыршын жас қаза болады. Эрманарик – өз туыстарына өте қатал болған патша. Сондықтан оның көп туыстары, даңқты төрелер хун королі Еділге (Атлиге) барып паналаған. Әділ қолбасшы, хун королі Еділ (Атли) бейбіт жағдайда дүниеден өткен. Осы аталған жырларда Атилланың образы үлкен орын алады. Сол жырлардың ішінде Атилланы суреттеген тұстарда оның жазықсыз жандарға мейірімді, дұшпанына қатал, досына адал қолбасшы ретінде суреттеледі. Король тарапынан әділетсіздік, қысым көрген исланд жұртшылығы ғұндардың әділ билеушісі Атилладан пана табады. Ал, ІҮ ғасырда туған «Хильдебрант туралы жырда» корольдің тепкісінен қашып, Атилланы паналаған жауынгер туралы айтылады. «Хильдебрант туралы жыр» – ежелгі неміс тілінде, жыр үлгісінде сақталған жалғыз туынды. Бұл жыр үзіндісі шамамен ІХ ғасырға тиесілі. Фульд монастыріндегі кітаптың ішкі мұқабасында жазылған мәтін толық емес, көлемі алпыс сегіз жол ғана. Жырдағы негізгі мотив – орта ғасыр әдебиетіне тән әке мен бала арасындағы шайқас. Бас кейіпкер Хильдебрант отыз жыл бойы Атилла әмірлік жүргізген ғұндар елінде болады. Отыз жылдан соң еліне оралғанда, оның алдынан баласы қол бастап шығады. Әкесі ұлын танығанымен, ұлы әкесін танымайды. Әке мен бала арасындағы соғыста ұлы Хаудбранд қаза табады.

Бұл жырдағы біз үшін құнды оқиға – Хильдебрандтың өз әміршісінен қысым көріп, қуғынға ұшырағанда, Атилладан пана табуы. Атилла қамқоршы, қуғын көрушілерді қорғаушы әділ билеуші ретінде танылады.

**Атилла есімінің тарихи бекуі.** Атилла есімі алман жұртының «Нибелунгтар туралы жырына» енген. Бұл жырда ол Этцель деп аталады. Атилла «Нибелунгтер туралы хикаяның» басты кейіпкері болмаса да, оның тарихи тұлғасы осы дастанда айтылатын дәуірде елеулі орын алады. «Нибелунгтер туралы жыр» шамамен 1200 жылы жазылған. Бұл поэманың тарихи өзегі етіп автор Бургунд патшалығының күйреуін алған. Ғұндар 437 жылы осы патшалықты құлатқаны тарихта мәлім. Аталмыш поэманың бір емес, екі желісі бар деуге болады. Бірі – Алманияның тарихи кезеңі болса, екіншісі – V ғасырдағы ғұндар ғұмырнамасы. Жырдың алғашқы бөлімінде Алманияның ханшайымы Кримхильдаға ғашық болған Нибелунг елінің батыры Зигфрид жайында және оның Бургундия елінде мәртебесін қызғанып, Зигфридті қастандықпен өлтірген Кримхильданың жақын туысы Хаген туралы айтылады. Жырдың келесі бөлімінде Хагеннен күйеуінің кегін қайтару үшін Кримхильданың Этцельге (Атиллаға) тұрмысқа шығуы баяндалады.

«Нибелунгтар туралы хикаяда» Атилла (Этцель) сабырлы, қайырымды, христиан дініне құрметпен қарап, өзара ынтымақты өмірді сақтауға ұмтылған, әділ жан ретінде суреттеледі. Неміс зерттеушісі Клаус Цатлоукал (Klaus Zatloukal) «Das Nibelungenlied und

Niederostereich» кітабында Этцельдің прототипі деп венгерлік билеуші Гайца (972-977 жылдары билікте болған) есімін айтады. Гайца да мінезі жұмсақ, сабырлы адам болған екен. «Нибелунгтер туралы хикаяда» Этцельдің сабырлы болуы да сондықтан шығар. Немістің тағы бір зерттеушісі Готфрид Вебер (Gottfried Weber) «Das Nibelungenlied. Problem und Idee» атты кітабында ғұндардың билеушісін былай сипаттайды: *«Ол пұтқа табынушы, солай бола тұрса да барынша білімді, кеңінен ойлайтын, керітартпа пікірлерден аулақ. Кең байтақ жерінде христиандар мен пұтқа табынушылар сыйластықпен өмір сүрген. Изгілікті сардарлы ой толғамы діни қақтығыстардың болуына жол бермейді. Оған жиырма бірінші авентюраның 1334-1335 жолдары дәлел бола алады: «Этцельдің иелігі алысқа танылған, сондықтан сарай маңынан есімдері христиандар мен пұтқа табынушылардың аузында жүрген көптеген сардарларды кездестіруге болады, олар корольмен келген. Этцель христиандардың уағызымен және пұтқа табынушылардың заңымен әрдайым санасып отыратын. Король олардың қандай өмір салтын ұстанса да, бәрінің бай сыйлық иесі болуына қамқорлық жасайтын»* [6, 178].

«Нибелунгтер туралы хикаядағы» 20 авентюра «Король Этцельдің Бургундтар еліне Кримхильдаға құда түсуге адамдарды жіберуі», 21 авентюра «Кримхильданың гунндар еліне сапары», 22 авентюра «Этцельдің Кримхильданы қарсы алуы», 25 авентюра «Нибелунгтердің гунндарға аттануы», 28 авентюра «Бургундықтардың гунндарға келуі», 33 авентюра «Бургундықтардың гунндармен шайқасуы» оқиғаларына арналған.

21 авентюрада Этцель және оның иелігі туралы берілетін мәліметтер мынадай: «1332. Гунндар елі королінің Трайзенде даңқы шартарапқа жайылған ерекше мықты бекінісі бар еді. Цайзельмауер атанатын онда бұрын Хельхе айтса тіл жеткісіз тамаша ғұмыр кешкен» [7, 214]. Бұл баяндаулар Атилла жайлы аңыздаулардан жиналған мәліметтер болуы әбден мүмкін. Өйткені ол аңыздаулар тек ғұндар арасында ғана емес, Еуропа топырағын мекендеген күллі тайпаларға таныс еді.

22 авентюрада 1332 шумақта айтылатын бекініс сипаты былай беріледі: «1336. Кримхильда Цайзельмауерде төрт күнге дейін аялдады. Көшеде шаң басылмады, өрттің түтініндей үйіріліп тұрып алды. Бұл Австрияда шапқылап жүрген король Этцельдің нөкерлерінің аттарының тұяғынан ұшқан тозаң еді» [7, 215].

Этцельдің қалыңдығын қарсы алуы, оның тілекетрін орындауы, ғұндар еліндегі тұрмыс-тіршілік, салт-ғұрып аталмыш хикая авентюраларында бірсыпыра көрінген.

Атилла туралы аңыздаулардың желісіне құрылып, IX ғасырда дүниеге келген, неміс халқының батырлық эпосы ретінде бағаланатын ежелгі жәдігерліктердің біреуі – «Алып қолды Вальтария» («Вальтарий могучая рука») – («Waltarius vanu fortis») немесе қысқаша «Вальтария» деп қана аталатын әдеби мұра. Бұл поэма ежелгі герман тайпалары мен Еуропалық ғұндардың арасындағы қарым-қатынастарды танытады. Бұл аталған жәдігерліктердің жазылуы туралы пікір білдірген зерттеуші-ғалымдардың (Н.Келіметов, М.Аджи) пікірінше, «Нибелунг туралы жыр» мен «Алып қолды Вальтария» («Вальтарий могучая рука») деп аталатын поэмалардың авторлары қыпшақ текті болуы керек деп болжамдар бар. Өйткені, бұл туындыларда жолдарында қыпшақтың салт-санасы, әдет-ғұрпы айқын аңғарылады. Бұл поэма ежелгі герман тайпалары мен Еуропалық ғұндардың арасындағы сан-қырлы қарым-қатынастарды бейнелейді. Герман жұрты Аттиланы өздерінің ұлттық қаһарманы етіп көрсетуге барынша әрекет жасаған. Бұл жайтты Мурад Аджи жан-жақты талдай келіп, төмендегідей пікір айтады: *«Первыми, кто заявил на него свои права были германцы, сделавшие историческое лицо – царя кипчаков Аттилу – национальным героем, персонажем своих эпических произведений. Его именем даже названы горы – Этцельские Альпы. Это уже серьезно! Подумать только: даже потомки кельтов, тех самых кельтов, которых нещадно громил Аттила, назвали его своим национальным героем. Атти, Этцель – такие имена получил кипчакский полководец в германо-скандинавских былинах и сагах»* [8]. «Алып қолды Вальтария» поэмасы ғұн елін және олардың көсемі Аттиланы таныстырудан басталады:



Қандастарым, жердің үлкен бөлігі Еуропаға тиесілі,  
Бұл құрлықта салты мен дәстүрі,  
нәсілі сан түрлі тайпалар тіршілік кешеді.  
Сөйлейтін тілі де, ұстанған діні сан түрлі.  
Сол тайпалар ішінде Паннония уалаятын мекендеген халық бар.  
Бұл халықты әдетте «ғұндар» деп атайды.  
Майдандағы ерлігімен даңқы асқақтаған халық  
Жақын тұрған көршіге ғана емес,  
Сонау Мұхитқа дейінгі аралықта билік жүргізеді.  
Алыс-жақын халықтармен бейбіт бітім жасайды,  
Бойұсынбағандарды жазалайды.  
Бұл халық осы қарқынмен  
мың жылдан астам тарих төрінде болады.  
Қадым замандарда халықты хас батыр Атилла басқарыпты.  
Ол жеңісті, даңқты арттыруда асқан көсем»

Атилла дастанының сюжеттік желісін қайта жыр еткен «Вальтария» поэмасы оқырманын ерлікке, бірлікке, ізгілікке шақырумен бітеді [2, 66].

Атилла дастанының сюжеттік желісін қайта жыр еткен «Вальтария» поэмасы оқырманын ерлікке, бірлікке, ізгілікке шақырумен аяқталады. Мұнда авторлар қыпшақтардың әдет-ғұрпын, салт-санасын, ішкі жан дүниесін, психологиясын егжей-тегжейлі терең біліп, жеткізген. Бұл туралы Мұрат Аджи: «Авторы «Песни о Нибелунгах», и «Вальтария», вне всякого сомнения, по крови были кипчаками, они еще помнили степные адаты, это чувствуется по многим, очень точным деталям. Вот почему их герой Этцель (Атилла) сохранял благородства даже, казалось бы, в nepoзвoлитeльнoй, с точки зрения европейца, ситуации», – деп [8, 67] «Жусанды қыпшақ даласы» атты Мәскеуде, 1994 жылғы еңбегінде көрсетеді. Қорытындылай келе, ғұндардың даңқты әміршісі Атилла – Еділ туралы ел аузындағы эпикалық үлгідегі аңыздаулар сол қалпында сақталып жетпесе де, көптеген әлемдік фольклорлық-әдеби мұралардың желісіне алынып, кейіннен классикалық жазба туындылардың арқауына айналып, өзінің «рухани өмірін» жаңғыртып, жалғастырғанын, сөйтіп, бүгінгі күнге дейін жеткенін айтқымыз келеді. Мысалы, алғашқы түрік қағандарының бірі Ашин өзінің арғы ата-бабасы қасқыр тұқымынан тараған деген түсінік қалыптастырған. Бүгінгі күні қазақ елінің тәуелсіздік алған тұста, өткен дәуірдегі ата-бабаларымыздың Еуропа еліндегі Атилла секілді ерлерімізді насихаттау, оның шынайы болмысын ғылыми тұрғыда таныту басты мақсат екенін баса айтқан жөн. Болашаққа қадам басар сәтте арғы-бергі тарихымызды танып-білуіміз үшін, оның рас-өтірігін саралай алуымыз үшін батырларымыз бен бектерімізге деген құрметті күшейтуіміз керек.

Эпикалық аңыздаулар фольклорлық жыр, дастан үлгілерінде көмескіленгенімен, өзінің рухани мұра ретіндегі мәңгілік өмірін басқа пішінде, басқа жанрларда жалғастырып, аңызға айналған, тарихта ерекше орын алған тұлғалар болмысы мен даңқын сақтауда қайнар көз болғанын Атилла туралы мотивтер дәлелдей түседі.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н. Тарих толқынында. / Н. Назарбаев – Алматы: Атамұра, 1999. – 257 б.
- 2 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. / Н. Келімбетов – Алматы: Атамұра, 2005. – 322 б.
- 3 Өтениязов С. Атилла. / С. Өтениязов – Алматы: Арыс, 2000. – 96 б.
- 4 Жұмабаев М. Шығармалар. / М. Жұмабаев – Алматы: Білім, 1995. – 256 б.
- 5 Thierry A. Histoire d' Attila et de ses successeurs (1864; 6 изд., 1876)

6 Нибелунгтер туралы хикая. / Аударғандар: Х. Мағзұмов, А. Қалиева // «Әлем әдебиеті» журналы. № 4, 2007. - 121 б.

7 Нибелунгтер туралы хикая. / Аударғандар: Х. Мағзұмов, А. Қалиева // «Әлем әдебиеті» журналы. № 5, 2007. -78 б.

8 Аджи М. Полин половецкого поля. / М. Аджи – Москва: Новости, 2000. – 456 с.

**Ж.А. Аймухамбет, Л. Макаш**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### Легенды об Атилле

**Аннотация.** В данной статье рассматривается отражение в художественной литературе легенд о славном правителе империи гунов Атиллы. Поскольку место в мифах предков казахского народа гунов и их короля Атиллы образ художественный мы анализировали информацию о их героическом облике. В результате анализа того факта, что славный правитель, основанный на легендах народов мира, стал основой для создания государства и укрепления страны в качестве основы для ее художественного сюжетного образа. В древнегерманских эпосах «Песня о Нибелунгах», «Вальтаний могучая рука», исландской «Саге о Вельсунгах», норвежской «Саге о Тидреке», скандинавской саге «Эдда» сравнивали образ великого царя. Выводы всемирно известных исследователей и писателей о сюжете, мотивов народного наследия Атиллы являются основой сюжетного анализа.

**Ключевые слова:** Атилла, «Кнут Бога», гуны, легенда, стихотворение, авантюра, героический эпос.

**Zh.A. Aimukhambet, L. Makash**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### Legends about Attila

**Abstract.** This article discusses the reflection in fiction of legends about Atilla glorious ruler of the Huns empire. Since the place in the myths of the ancestors of the Kazakh people of the guns and their king Attila is an artistic image, we analyzed information about their heroic appearance. As a result of the analysis of the fact that the glorious ruler, based on the world legends, became the basis for creating a state and strengthening the country as the basis for its artistic image. Was compared in the ancient German epos «The Song of the Nibelungs», «Valtarius the Mighty Hand», the Icelandic «Saga of the Welsungs», the Norwegian «Saga of Tidrek», the Scandinavian saga «Edda» compared The image of the great king. The conclusions of the world-famous researchers and writers about the plot, the motives of the folk heritage of Attila are the basis of the analysis.

**Keywords:** Atilla, “Whip of God”, the Huns, legend, poem, aventure, heroic epic.

### References

- 1 Nazarbayev N. Tarih tolqynynda [In the stream of history]. (Almaty, 1999, 257 p.). [In Kazakh]
- 2 Kelimbetov N. Ejelgi dáýir ádebieti [Ancient Literature]. (Almaty, 2005, 322 p.). [In Kazakh]
- 3 Oteniazov S. Atilla [Attila]. (Arys, Almaty, 2000, 96 p.). [In Kazakh]
- 4 Jumabaev M. Shyǵarmalar [Extras]. (Bilim, Almaty, 1995, 256 p.). [In Kazakh]
- 5 Thierry A. Histoire d' Attila et de ses successeurs (1864; № 6, 1876)
- 6 Nibelýngter týraly hıkaıa [The story of Nibelunger]. / Alǵysóz. Aýdarǵandar. H. Maǵzumov, A. Qaliyeva [Translated by: Magzumov H., Kaliyeva A.] // «Álem ádebieti» jýrnaly [The magazine «The World of Literature»]. (4), 121 (2007). [In Kazakh]

7 Nibelýngter týraly hikaia [The story of Nibelunger]. Alǵysóz. Aýdarǵandar. Maǵzumov H., Qaliev A. [Translated by: Magzumov H., Kaliyeva A.] // «Álem ádebieti» jýrnaly [The magazine «The World of Literature»]. (5), 78 (2007). [In Kazakh]

8 Adji M. Polyn poloveskogo polia [Poly Pooveter Pole]. (Novosti, Moskva, 2000, 456 p.). [in Russian]

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Аймұхамбет Ж.Ә.** - филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, Астана, Қазақстан.  
**Мақаш Ләззат** - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан.

**Aimukhambet Zh.A.** - Doctor of Philology, Professor of the Department of Kazakh Literature, L.N. Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Makash Lyazzat** - Master student of the Faculty of Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

XFTAP 17.71.90

**А.А. Амангелді<sup>1</sup>, Д.М. Тілеужан<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup> «Тұран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: <sup>1</sup>ainur.amangeldy@mail.ru, <sup>2</sup>dinamit\_1994\_94@mail.ru)

**Лиро-эпостық жырлардағы жылқыға қатысты заттық мәдениет  
лексикасының берілуі**

**Андатпа.** Қазақ тілінде үй жануарларының төрт түріне қатысты кәсіби лексика, әсіресе жылқы туралы айтатын сөздер, ең жемісті дамыған. Қазақ тіліндегі ауызша халық шығармашылығында, атап айтқанда, лирикалық-эпикалық шығармаларда атқа жиі қолданылатын тіл туралы фактілер қолданылады. Бұл мақалада жылқы өсіруге қатысты лингвистикалық фактілерді лиро-эпикалық шығармадағы Қозы Көрпеш-Баян Сұлу жырынан ұсынады және сөзді құру, этно-лингвистикалық, лингвистикалық және мәдениеттанулық аспектілерде материалдық мәдениеттің сөздік қорын кешенді талдауды қамтамасыз етеді. Жырға арқау болып отырған оқиғалар өткен тарихи кезеңге байланысты, көшпенді өмір салтын ұстанған далалықтар үшін жылқының маңызы өте зор болғандықтан зерттеу мақалаға негізгі арқау болды.

**Түйін сөздер:** рухани мәдениет, материалдық мәдениет, кәсіби сөздік, дүниетаным, символдық мағына, салт-дәстүрлер.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-125-4-15-25>**

**Кіріспе.** Қазақ тіліндегі төрт түлікке, соның ішінде жылқыға байланысты туындап, қалыптасқан, сөздік қорымыздың ең құнарлысы болып саналатын кәсіби сөздер біршама. Сонымен қатар бұл атауларды тілдің ең көне қабатына жатқызуға болады. Өйткені бұл сөздер он екі мың жылдан астам уақыт бойы белсенді қолданылуда болып, уақыттың қатал тезінен, сұрыптауынан өтіп, нешеме ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, біздерге жетті.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде, сол сияқты, лиро-эпостық жырларда жылқыға қатысты тілдік деректер молынан ұшырасады. Мәселен, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында жылқыға қатысты тілдік деректер өте көп. Сонымен қатар жылқы шаруашылығы-